



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

I том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы

III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том I

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings

of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

I том

Астана, 2018

ӘОЖ 1/14
КБЖ 87.0
Ә 43

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Ә 43 Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. –218 б.

ISBN 978-9965-31-976-1

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Звезда Содружества» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Древо жизни» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселесі», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ 1/14
БЖ 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, ПРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической
конференции**

16-17 февраля 2018 года

Том I

Астана, 2018

УДК 1/14
ББК 87.0
А 43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А 43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. –218 с.
Т.1

ISBN 978-9965-31-976-1

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14
ББК 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INSTITUTE OF PHILOSOPHY OF THE RAS
INSTITUTE OF PHILOSOPHY, POLITICAL SCIENCE AND RELIGION
OF THE CS MES RK
KAZAKHSTAN BRANCH OF THE M.V. LOMONOSOV MSU

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY, DEVELOPMENT
OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS, AND MORALITY**

Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume I

Astana, 2018

UDC1/14
LBC 87,0
A 43

Editorial Council

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, Farifolla Yesim,
G.A. Adaeva, S.A. Arystambaeva, M.M. Bozzhigitova,
K.A. Medeuova, D.T. Tolgambaeva

A43 Actual problems of world philosophy, human development, his consciousness and morality: Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference (February 16-17, 2018, Astana, Kazakhstan) in 2 volumes. – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018–218 p.

ISBN 978-9965-31-976-1

The collection contains Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference "Actual Problems of World Philosophy, Development of Human, His Consciousness, and Morality", dedicated to the 85th anniversary of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, the Laureate of the Kazakh SSR State Prize in the field of science and technology, the Commonwealth Star Interstate Prize, the President's Peace and Spiritual Consent Prize, Russia's the Tree of Life Prize, and Shokan Ualikhanov's First Prize.

There were sections within the framework of the conference: "History of philosophy, actual problems of the theory of knowledge and methodology of science", "The problem of man and morality in the contemporary world", "Academician Zh. Abdildin and the development of the problems of dialectical logic, the theory of knowledge, man and morality".

It is addressed to all interested in the actual problems of contemporary philosophy and creativity of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the NAS RK

The published materials are presented in the author's edition.

UDC1/14
LBC 87,0

ISBN 978-9965-31-976-1
ISBN 978-9965-31-975-4

15. Heidegger M. Phänomenologie und Theologie (einschließlich des Briefes von 1964) // Heidegger M. Wegmarken. – Frankfurt am Main: Vittorio Klostermann, 1976. – S. 47–78.
16. Heidegger M. Phänomenologische Interpretation zu Aristoteles. Einführung in die phänomenologische Forschung // Heidegger M. Gesamtausgabe. [Hrsg. W. und K. Brocker]. – Frankfurt am Main: Vittorio Klostermann, 1985. – Bd. LXI. – 203 s.

АЛИХАН БОКЕЙХАННЫҢ ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ӘДІСІ

Алимов Т.К.

Астана қ.

Әлихан Бөкейхан «Тарихи затшылдық қисынынан!» («Қызыл Қазақстан» журналы, 1925 жыл) деген атпен жарық көрген мақаласында дәстүрлі диалектика және тарихи-философиялық зерттемесінде дұрысын айтқанда тек адам баласына ғана тән кең түрдегі мұратшылдық таным мәселесінің өзіне байланысты басым ерекшелігі мен ғылыми маңызын, оның ақиқаттық тұстарын анықтауды мақсат етеді. ХХ-шы ғасырдың 30-шы жылдарында Ә.Бөкейхан өзінің қазаққа берген уәдесі, серті бойынша күрделі әлеуметтік философиялық мәселелерді ақылымен ойластырып зерттегенде біршама сол кезеңдегі белгілі әрі кеңінен тараған маркстік диалектиканың ғылыми әдістеріне, логикалық тұрғыдан негізделіп бекітілген ой тұжырымдарына арқа сүйеп, мән беріп отырғаны әбден белгілі. Өйткені ол бірнеше маңызды мәселелерді қозғағанда Карл Маркс пен марксистілердің еңбектеріне жүгініп, үзінділер келтіріп ойын растайды, кейбір теориялық заңдылықтарды өмір шындығымен байланыстырады.

Осы біз әңгіме етіп отырған ХХ-шы ғасырдың бірінші ширегіндегі алдыңғы қатарлы бағыты дұрыс прогрессивтік әрі өркениеттік рухани өресі биік орыс тілдес болсын немесе атақты европаның зиялылары, философтары болсын маркстік ілімді және оның ғылымның әр түрлі саласында басшылыққа алынып жүрген материалистік диалектикасын, қағидаларын жоғары бағалаған әрі оның маңызын ғылымға қарсы қоймаған жағдай дәстүрге айналған болатын. Қанша дегенмен сол кездегі маркстік доктринаны сынға алған және оның маңызын батыл терістеген жекелеген тұлғалар немесе әр түрлі діни мистикалық, теологиялық, сопылық философиялық кереғар ағымдардың да аз болмағаны белгілі болатын. Нақ осындай өткір мәселелер туралы Ә.Марғұлан, О.А.Сегізбаев, А.Х.Қасымжанов, М.С.Бурабаев, М.С.Орынбеков, Н.Д.Жанділдин, Ә.Нысанбаев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, А.Дербісалин, Р.Бердібаев, Ж.Абділдин тағы да басқа еліміздің атақты ғалымдары өздерінің ғылыми зерттемелерінде көптеген шиеленіскен қайшылықтарының сырын нанымды деректер, аргументтер келтіріп түсіндіргендері рас.

Қазақ халқының адал азаматы ретінде Әлихан Бөкейхан еліміздің ең қажетті кезек күттірмейтін мұқтаждығын, мүддесін, ғасырлар бойы аңсаған арман-тілегін, болашаққа да көз жіберіп, тереңінен ойланып толғанып, жаны ашып, бар адал ниетімен сол бір өте қауіпті, қатерлі кездегі қуатты маркстік идеяға көп скептицизм немесе иррационализмге де аса берілмей қалыптасқан жағдайға байыппен, сабырлықпен қарап, ақ пен қарасын екшеп, ақиқаты мен жалғандығына дәстүрлі өлшеммен қарап өзекті мәселелерге толымды сипаттама берген ғұлама ғалым. (1,187 бет.)

Әлихан Бөкейхан үнемі ой үстінде жүретін зерттеуші ғалым ретінде мақсаттылық мәселесінің күрделі тылсым табиғатына мән бере отырып, ой адамы, басқа жер бетіндегі тірі хайуан әлеміне қарағанда рух, ой және санасы болғандықтан алдына мақсат қояды, ал енді кейбір Батыс елінің ғалымдары осы жоғарыда аталған мәселені талдап қарастырғанда адам мақсатының шынайы болмыс бітімін, маңызын мүмкін бейсаналықпен бе әйтеуір әр түрлі субъективтік тұрғыдан пайымдаулар жасап, мәселенің бағытын басқа жаққа бұрып жіберетіндіктерін қатал сынға алып, өзінің ой тәжірибесіне сүйеніп иронияға да айналдыра отырып, өзінің пісіп жетілген пікірін ұштап, көңілге қонымды айқын қортындылар жасайды.

Осы жоғарыда аталған мақаласында Ә.Бөкейхан адам мақсатының саналықпен анықтайтын болымды ерекшелігі туралы Карл Маркстің жазған еңбектерінен мәселенің

маңызын ашуға мүмкіндік беретін беттерінен үзінді келтіруден жалықпайды. Атап айтатын болсақ, К.Маркстің «өрмекшінің өрмек тоқуы мата тоқушының жұмысына ұқсас. Ара ұя салғанда адам-инженерден әдемілігін арттырады» деген өте бір қызықты ой идеясын келтіре отырып, өзінің нақ осы тұстағы пайымдауын жайып салады.

Тура солай әлемге танымал Карл Маркстің өрмекші өнерінен адам баласының саналы шынайы шығармашылық қызметінің маңызының айрықша екенін, адамның рухани ой қабілетінің айқын мақсаты мен интеллектуалдық мүмкіншіліктерінің айрықша екенін көрсетіп, оның маңызында мақұлдап, өзінің ой жүйесі тұрғысынан дұрыс түсінік құрып, ақиқат жол қайсы болатынын нақтылап, жаңаша пайымдау жасап, осы теориялық күрделі мәселені қалай шешу керек екені жайында өзінің пікірімен бөліседі. (2,137-138 бб.)

Осы біз қарастырып отырған Әлихан Бөкейханның «Тарихи затшылдық қисынынан» атты шығармасында неміс философы Рудольф Штайлердің қоғам мен жаратылыстың арасындағы айырымға деген көзқарасының қандай екеніне жан-жақты тоқталып, талдау жасап жазған пікірінің астарында қандай ой жатқанын және сондай-ақ осы мәселе бойынша оның қандай теріс пікірімен келісуге тіптен болмайтынын да ашық айтады. Ал философ әрі экономист Р.Штайлер өзінің еңбегінде «қоғам құбылыстарының сыры негізінде реттелуінде болғандықтан, қоғам өміріндегі мөлшерлі заңға бағыну мұратшылдық мөлшерлі заң» деген идеяны өзінің ойлау тұрғысынан дәлелдемесін көрсеткен. Сонымен ол қоғамдық құбылыстарды қарастырғанда, оның реттілік белгісін жеке бөліп алып, оған не дегенмен, қалай болса да мұратшылдық ұғымы да мөлшерлі заңы да бағынады деген тұжырымын тоқтаусыз алға тартудан тайынбайды да әрі тайсалмайды да.(3, 464-465 бб.)

Осы бағытта Р.Штайлер өзінің теориялық концепциясының ақиқаттылығына біршама сенімділігін таныта береді дейді Әлихан Бөкейхан. Одан кейін Әлихан Штайлердің шығармасындағы ойлау тәсілінің маңызына қаныға отыра қоғам мен жаратылыстың айырымын анықтап, осы гуманитарлық ғылымдардың өсім мәселесінің ара жігін анықтап береді. Ия, бұл жерде философия ғылымының алдыңғы өткен кезеңдеріндегі айқындалып теориялық және практикалық жағынан қанша мәрте толымды, сенімді түрде ешкімге күмәнгершілік келтірмейтін әбден жан-жақты тексеріліп бекітілген, максималды синтезделген сан мен сапаның универсалдық заңдылығының танымдық рөліне көңіл бөліп, негізгі жалпылық қағидасын ғылыми басшылыққа ала отырып, күрделі қатынас аралық мәселесінің түйінін табуға болатынына зиялы қауым, соның ішінде Әлихан Бөкейхан да қаламы кеңінен төселген, таным қайшылығын түсінгендіктен ол Рудольф Штайлермен қатар тағы да басқа ғалымдардың қателіктерін әрі ілімдеріндегі кемшіліктерін тура көрсетеді, өзінің де теориялық жетістіктерінің белгілерін танытады.

Сонымен, қазақтың атақты ойшылы ретінде әрі тарихты зерттеуші көрнекті ғалымы ретінде де Әлихан Бөкейханның Ресей империясының бірнеше ғасыр бойы темір бұғауында, бодауында, құрсауында ұстап, жүйелі бұйрық арқылы өктемдік үстемдігін жүргізіп келе жатқан әділетсіз саясатымен өзінің үзенгілес адал достары Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов тағы да басқаларыменен бірге пікір алысып, ой бөлісіп, өзекті мәселелер бойынша кеңесіп, еліне теңдік, еркіндік, бостандықты алып беру үшін, елін азат ету үшін де табанды түрде күресумен қатар ол өзінің сол уақытқа дейін жазып үлгерген қыруар ғылыми қолжазбаларының маңызында қандай бір табиғи немесе қоғамдық мәселелерді мұқият зер салып оймен қарастырғанда да ол сандық және сапалық қатынастың арақатынасын, оның диалектикалық байланысын, бірлігі мен қайшылығын, даму процестерінің қайнар көзін де, әлеуметтік қайшылықты шешу тәсілдерін де, қоғамдық қақтығыстардың тығырықтан дұрыс шығу жолдарын да, теориялық және практикалық маңызын да толық игерген ғалым екенін интеллектуалдық пайымдау тәсілдерінен аңғаруға болады.

Алдыңғы айтылған ойды жалғастыра отырып, Әлихан Бөкейханның жазған «Тарихи затшылдық қисынынан» деген еңбегінде себепшілік пен мұратшылдық мәселесін зерттей келе, ой объектісінің тура нысанасына алып, оның қандай ой жүйесімен байланысты екеніне көңіл аударып, қандай ұғымдарменен логикалық байланыста екеніне ой жіберіп, қоғам өмірінде себепшілік ерекше логикалық философиялық категория ретінде өмір процесінде

қандай маңызды рөл атқаратынын нақтылы белгілеп, шекарасын анықтауға әр түрлі ой амалдарын қолданып, түптеп келгенде адам ойлау, ой құру процесі барысында көп күрделі мәселені мұратшылдық әдіспен түсіндіруге әрекет жасағанда діни ойға, пайымдауға еріксіз көңіл аударуға мәжбүр болатынын аңғарған (4,121-122 бб.)

Сонымен, дәл осы тұста Әлихан Бөкейхан өзінің ой тәжірибесіне сүйене отырып жалпы дүниенің реалды жаратылыстағы және сол сияқты қоғам өміріндегі теңдесі жоқ ерекше құбылыстың мөлшерлі заңға бағынуы неден деген сұрақты көлденеңнен қояды. Бұл сұрақтың жауабын іздегенде ол, оның пайымдауы бойынша, ондай құбылыстар біздің ішкі субъективті тілегімізге де, сан рет толғанып түсіндіруімізге де бағынбай, өз бетімен, өз еркімен болатынына көзіміз жетеді және де сонымен қатар дүниеде шындығында бұндай типті құбылыстар айналып келгенде себептік заңдылыққа етене тығыз байлаулы, тұрақтылықта болып келетінін адам аңғарады, оның бағытының да көп өзгермейтінін де мойындауға тура келеді деп, бар рухани болмыс бітімімен қортынды жасайды ғалым ақылгөй бабамыз. Міне бұл мәселе бойынша Әлихан өзінің білімпаздығын тағы бір қырынан танытқанын тура аңғаруға болады.

Әлихан Бөкейхан 1925 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында жариялаған «Тарихи затшылдық қисынынан», «Детерминизм, индетерминизм (керектік пен ерік ықтияры)» деген деген ғылыми-философиялық еңбектерінде әсіресе Н.И.Бухарин және Г.В.Плеханов тағы басқа да беделді, көрнекті маркстік бағыттағы теоретиктердің қолжазбаларын аударып, керек деген маңызды жерлерінен үзінді келтіріп, өзінің пайымдауы, пікірі бойынша концепциялық мәселелерді жүйелі түрде құрады, осындай бағыт бойынша өзекті деген қазақ елінің мәдени, теориялық және эмпириялық жағдайларды баяндайды, қолдағы бар тарихи материалдарды реттеп жүйелейді, рухани және материалдық құндылықтарын жан-жақты ойластырып, мән жайын анықтауды мақсат етеді.

Ә.Бөкейхан осы жоғарыда аталған еңбегінде тарихи философияның мәселелерін өзі өмір сүрген заманда көтерген, маңызды ұғымдарын, қағидаларын ғылыми тұрғыдан сипаттама беріп, ғылыми-әдістемелерін де құрған, маңызды және маңызсыз, қажетті және кездейсоқ жақтарын көрсетіп берген ойшыл. Үнемі ғылыми ізденісте болған Әлихан Бөкейхан қоғам деген ұғым ойлануды қажет ететін, бар нәрсені сезіне отырып, алдына айқын мұрат қоюды талап ететін, еріксіз іс-қызмет етуге тура келетін ерекше құбылыс дейді. Адам қоғамсыз тіршілік ете алмайды және адамсыз қоғам да болмайды. Бұл өзіндік объективтік заңдылық. Қоғам ұғымын ешбір жан жоққа шығара алмайды. Жеке басты өмір сүру нағыз адами да және адам болмысының мәдениеті емес. Ал қоғамда адам өмірі, қызметі бір қажеттілікке бағынуы керек, сондықтан адам еркі ықтиярлы болмайды, ол қалай болғанда да ықтиярсыз өмір шындығына бағынуға мәжбүр. Адамның әлеуметтік өмірінің күрделілігі, қайшылығы ол - үзілімді-үзілімсіз, өмір-өлім, болмыс-болмыссыздық, саналылық-бейсаналылық тағы да басқа осындай қатар түзіп өзара бірлік құрып, диалектикалық тізбек құрып, өмір өзінің бай байлығын әр қырынан танытады. (5, 264-265 бб.) Міне біз Әлихан Бөкейхан мұрасымен кеңірек танысқанда, оның ой астарында жатқан керемет сан-қилы ой иірімдерінің маңызды сырын бірден түсіну, білу оңайға түспейтінін мойындай отырып, ғылыми-философиялық әдістерге, тәжірибелерге сүйене отырып, одан үміт күтіп, толассыз әрекет әрекет жасау біз үшін зор міндет.

Жалпы табиғатта, Күн жүйесіндегі небір керемет құбылыстардың бізге әлде де болса белгісіз өзара диалектикалық әр түрлі қарым-қатынастары жаратылыстану және философияның ең бір маңызды танымдық әдістемелік мәселе екені белгілі. Шындығына келгенде, сондай табиғи құбылыстардың ішкі болмысында себеп-салдарлық байланыстың жалпылық, қажеттілік категорияларының танымдық мәселелерін Батыс және Шығыс, қазақ ғалымдары да әр түрлі аспектілерін зерттегені белгілі. (6, 55 бет.) Дегенмен философтар немесе ғалымдар дүниенің себеп-салдар байланысын қарастырғанда олардың кейбіреулері бұндай қосалқы категориялардың объективтік тіршілік ету жайын мойындаса, ал кейбіреулері бұндай реалды шындықтың ойда ғана болатынын әр түрлі аргументтер арқылы дәлелдегісі келеді. Мысалға айтатын болсақ канады философы Р.Бредли өзінің

шығармасында «әрбір оқиғаның себебі бар» дейді. Сонымен бұл жерде Р.Бредлидің философиялық пайымдауы бойынша, табиғи құбылыстардың құрамына күмәнсіз міндетті түрде себеп-салдар байланысы заңды түрде кіретінін құптайды. Ал кейбір батыстың философтары болса, себеп-салдар байланысының шынайы объективтік болмысын белгілі бір логикалық ойға сүйеніп, ойын негіздей отырып, бұндай диалектикалық байланыс адам ойының жүйесінде, белгілі бір теорияларда болатынын сендіруге әрекет жасайды және ол осындай позицияны ұстанады әрі бұндай идеяны өміршең деп ойын түйіндейді.

Жалпы философияның тарихында детерминизм теориясының негізгі ұғым, категория және іргелі түбегейлі сұрақтарын өткен алдыңғы ғасырлардың барлық кезеңдерінде Гераклит, Демокрит, Эпикур, Галилей, Бэкон, Гоббс, Декарт, Спиноза, Бруно, Кузанский, Лаплас, Кант, Гегель, Шеллинг, Фейрбах, Энгельс тағы да басқа әр түрлі ғылыми, философиялық қуатты ағымның өкілдері неше түрлі теориялық концепцияларды құрып, айрықша өздерінің ойластырған позициясы тұрғысынан жүйелі немесе эклектикалық, софистикалық, діни-мистикалық тағы да басқа осындай бағыттағы идеяларын қорғаған.

Ал қазақ ойшылдары,оның ішінде атап айтатын болсақ Әлихан Бөкейхан өзінің философиялық шығармаларында Монтескьё, Гердер, Руссо, Дидро, Вольтер тағы басқа француз философтарының теориялық идеяларына көбірек көңіл бөлетінін аңғаруға болады. Сонымен бұл жерде Әлиханның детерминистік және тағы да басқа әлеуметтік философиялық, қазақтың ұлттық дүниетанымдық мәселелерін зерттеп пайымдау жасағанда да ол біршама француз ойшылдарының идеяларын қолдай отырып өзінің ой тұжырымдарын ашық та, мейлінше батыл да таныта білетін сәттері аз емес.

Енді біз қайтадан Батыс елінің белгілі философтарының детерминистік концепциясының, ой тұжырымдарының кейбір жақтарына және оның өзгеше бір принциптерінің қылдай жұқарған әрі өзіндік пиғыл, пікірлерінің тұстарына тоқталайықшы. Мысалға нақтылы айтатын болсақ Б.Мейо, Е.Нагель, Браун, американдық атақты физик Р.Шлегел тағы басқалары өздерінің теориялық пайымдауларында себеп-салдар байланыстарының объективтік мазын қабылдамай, өздерінің ойластыру тәсілдері, болжамдары, өздерінің ілімінің жүйесіндегі қағида, ережелерін басшылыққа ала отырып, олар жалпы детерминистік принцип, универсалдық дүниенің задылығы болғанмен тек ғана ойда, теориялық рухтық жүйеде көрініс береді, функциялық субъективтік қызметі байқалады, ал реальды дүниеде оның алатын орны болмайды деген көзқарасты оқырмандарына ұсынады (7, 171 бет.).

Міне біз сонымен жалпы дүниенің белгілі танымдық себеп-салдар сұрақтары бойынша екі қарама-қарсы философтар көзқарасты айқын ұстанатынына куәгер болдық деуге болады және олардың осындай пікірлерді теориялық тұрғыдан дамытуының негізгі себебі адам мен табиғаттың ішкі жақтарының шексіз әрі әлі күнге дейін ғылыми таным жоғарғы деңгейге көтеріліп дамығанмен, оның да салыстырмалы түрде барын, ғылыми әдістерді әлде де тоқтаусыз жетілдіру керек екені анық байқалады. Ал Әлихан Бөкейханның мейлінше бай асыл мұрасының ғылыми құндылықтарының маңызы ұлан ғайыр. Ол өзі ғылыми шығармашылықпен айналысатын мол тәжірибесіне сүйене отырып, біркелкі тарихи мұраларды жүйелеп, синтездеп, ғылыми танымдық әдісті зор шеберлікпен, жігер қайраты, білімділігімен, мейлінше толысып жетілген біліктілігімен толымды пайымдаулар жасап, себеп-салдар байланысын, мақсатгершілік пен адам еркінің логикалық, диалектикалық байланысын анықтаған ғалым.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Әлихан Бөкейхан. Детерминизм, индетерминизм (кезектік пен ерік ықтияры.) Шығ., IX т. Астана, 2013.
- 2.Әлихан Бөкейхан. Алқа. IX т. Астана, 2013.
3. Ярошевский М., Куляб. Детерминизм. Философская Энциклопедия. Гос.науч.издат-во «Советская Энциклопедия», т.1.
4. Шептулин А.П. Принцип детерминизма. Диалектическая логика. Издат-во Московского универ-та.

5. Абдильдин Ж.М., Нысанбаев А.Н. Диалектико-логические принципы построения теории. - Алма-Ата, 1973.
6. Беляев Е.А., Нысанбаев А.Н. Диалектико-логические принципы построения теории // Зарубежная оценка трудов академика Ж.М. Абдильдина. Алматы, 2013.
7. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. Алматы: Қазақ университеті, 2001.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-САНАНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ФАКТОРЛАРЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аширов Ш.А.

Шымкент қ., nurmuhameda@mail.ru

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени үдерістерінің кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысын ауытқып, ұқсау немесе еліктеу сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айланып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Осындай еліктеушілік ұлттық мәдениетке, әсіресе жастардың сана-болмысына, қатты әсер етеді, ұлттық тәрбиеліктің этика-эстетикалық маңызы кемиді; кейбір қоғамдық ұйымдар бұқаралық мәдениет элементтерін пайдалану арқылы оны қаржылық көздеріне айналдырады (дискотекалар, түнгі клубтар, компьютерлік ойындар, бильярд залдары т.б.). Мұндай келеңсіздікке жол берілуінің себептері: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстанымдарына мәдениет пен өнердегі мәдени ағымдардың енуі мен таралуына мәдени ұжымдар мен басқару ұйымдарының бақылау орнатпауы; қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесінен алшақтығы; эстетикалық нормалардың, сапаның салғырттығы, яғни, талғамның тартымсыздығы, стильдің дүбәрлануы; түптеп келгенде нағыз өнердің құлдырауы.

Қазақ мәдениеті батыстық емес құндылықтарға: тұлғааралық қатынастардың түп негізділігіне, әрекеттенуші құндылықтардың тұрақтылығына, рухани реттеуді салмақтылығына негізделген. Қазақ мәдениетіне тән адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, адам болмысының даралығын тән субъект-объект қарым-қатынастарының дамымағандығын, яғни адам мен табиғаттың өзара бірлігін, толықтығын, белгілі бір даралығын көрсетеді.

Евразия даласында қалыптасқан өркениет Шығыс пен Батысқа тән өркениеттің ерекшеліктерін түйістіре келе Евразиялық өркениет деген атауға ие болды. Сонымен ежелгі түркі өркениеті бастапқыда қыпшақ, кейіннен қазақ өркениетінің негізі болып саналды. Отырықша, жартылай отырықша және көшпелі өмір салтын үйлестіре білген түркі мәдениетінің негізінде номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясы қалыптасты. Қарапайым мысал ретінде Қорқыт ата туралы аңызды алуға болады. Аңыздың мазмұнына тереңдей үңілсек, көшпеліліктен бастау алатындығын көреміз. Себебі Қорқыт ата болған жерлерді отырықшы адам түсіндіріп бере алмас еді [1]. Сонымен қатар, ойымызды нақтылай түсу үшін қазақ хандығының құрылуына себепші болған мемлекеттік қайраткер, теоретик Асан Қайғының Жерұйық іліміне тоқталып өткеніміз орынды сияқты. Қайғы атанған Асан бабамыз елінің қамы, елдіктің бірлігі үшін ең қажетті байтақта, бай жерді іздеп тауып, сол жерге халықтың басын біріктіріп, ұйытуды тілек етті. Асан Қайғының тауып берген Жерұйығы көшпелілер үшін ешқандай жерге тең келмес қасиетті жер болса, бүгінде ол - қазіргі Қазақстан территориясы. Енді біз сол Жерұйықта отырып, бірлікте, бітімде, ынтымақта, ұюда болуымыз шарт. Осындай кең байтақ байлыққа толы жерді тауып, халықты бірлікпен елдікке шақырған Асан Қайғы идеясының мәңгілік екеніне көзіміз жетіп отыр. Тек дұрыс идея ғана қаншама ғасырлар мен жылдар өтсе де өз маңызын жоймай мәңгілікте болады. Олай болса, осындай кемеңгер ойшылдары бар қазақ халқын өркениетсіз деудің өзі әбестік болар еді.

Адамзат өркениетінде өзіндік лайықты орны бар бүгінгі түркі тілдес халықтардың тербеліп өскен тал бесігі осынау Ұлы Дала. Бұл даланың өзіне ғана тән қою тарихы бар. Ол тарих әрісі жұмыр жердің, берісі адамзат әулетінің шежірелі тарихымен шендесіп жатыр.